



● СПАРТАКИАДА



Жеңімпаздар мерекесі

**Қыдырбек
ҚИЫСҚАНҰЛЫ**

Жұма күні ақшамның қараңғысы түсе, облыстық ХХХ «Тың-2015» спартакиада ойындарының алауы жағылды.

Затобол стадионына өңіріміздің түкпір-түкпірінен шараны тамашалауға халық өте көп келген екен. Сыйғаны сыйып, сыймағаны сыртта жүріп көруге мәжбүр. Ал, стадионның кіре берісіндегі көуаптан бастап, басқа

да ыстық тағамдар мен сусындар сатып тұрған ұзыннан-ұзақ сауда қалашығы да салтанатты шараның көркін ашып-ақ тұр.

Биылғы облыстық ХХХ спартакиада ойындарының ашылу салтанаты ерекше мәнерде өткенін айта кету керек. Күнтізбемізде республикамыз болып тойлап жатқан атаулы мерекелер екі сағат бойы өткен шара барысында көрермендерге тарихи-танымдық көріністер ретінде сахналанып көрсетілді. Ұйымдастырушылар қазақ халқының ежелден қонақжай, меймандос ел

екенін ұлттық бояумен әрлеп жеткізген екен. Соның бір парасы – XV ғасырдың орта кезінде Көшпелі өзбектер мемлекеті әлсіреп, соны ұтымды пайдаланған Керей мен Жәнібек сұлтандар іргені бөліп, дербес Қазақ мемлекетінің негізін қалаған, оны кейінгі ғасырлардағы ұрпаққа аманат етіп қалдырған сахналық көрінісі. Бұл қойылым Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына арналып отыр.

12-бет

Суреттерді түсірген А.ЖҮЗБАЙ, Б.АХМЕТБЕКОВ.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Жердің әр гектары тиімді пайдаланылуы тиіс

**Шұға
ҚОҢҚАБАЙ**

Өңірімізде ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлерді түгендеу барысында 511,8 мың гектар жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл туралы облыстық әкімдікте өткен аппарат мәжілісінде Қостанай облыстық жер қа-

тынастары басқармасының басшы Нұрлан Әбдуов айтты.

Жиында ауылшаруашылығы жұмыстарымен айналыспақ болып жер алып, оны пайдаланбай отырғандар қарамағындағы жері бар шаруашылықтарының көпшілігінің малының жоқтығы, шаруашылық тарапынан мал саны есебінің нақты берілмеуі және тағы

да басқа көптеген жағдайлардың анықталмағандығы, жерді тиімді пайдалану, пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекетке қайтару мәселесі сөз болды.

Облыс әкімінің пайымынша, игерілмей жатқан жерлерді қайтару және кейін оларды айналымға енгізу жөніндегі жұмысты күшейту қажет. Өкінішке қарай, жер-

лер сапасының нашарлауымен, бұзылған жерлерді қалпына келтірумен күресу жүйелі түрде жүргізілмейді. Осыған байланысты, ведомство аталған бағытта жұмысты жандандыруы қажет, кейбір аудандарда ауыл шаруашылығы алқаптарын одан әрі тиімді пайдалану үшін егіс айналымын және жайылым айналымын енгізу

жөнінде іс-шаралар әзірлеу қажеттігін тапсырды.

Н.Садуақасов аталған ауқымды шара кезінде Қостанай облысында пайдаланбай отырған 7 мың гектар ауылшаруашылық жері анықталғанын атап өтті. Бұл тұрғыда ол астықты өңір болып саналатын Қостанай облысы бойынша әр гектар жер маңызды екенін қадап айтты.

Жаңа тағайындаулар

«КазАгроФинанс» АҚ-ның төрағасы міндетін атқарушы басқарма бұйрығымен, Бақыт Мирасұлы Нұрғалиев «КазАгроФинанс» АҚ Қостанай облысы филиалының директоры болып тағайындалды.

Б.Нұрғалиев 1964 жылы 11 маусымда Қостанай облысының Қостанай қаласында дүниеге келді.

1986 жылы Қостанай ауылшаруашылық институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша тәмамдады. Еңбек жолы 1986 жылы Қостанай бордақылау совхозында инженер болып бастаған. 90-жылдары Успенонан өнімдері мекемесінде директор, кейін материалды-техникалық камсыздандыру бойынша экономист қызметін атқарды. «Сана», «Мерей-Қостанай», «Надежинка» ЖШС-терін басқарды. Осы тағайындауға дейін Алтынсарин ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

ҚР ауылшаруашылық Министрлігі жауапты хатшысының бұйрығымен 2015 жылдың 23 шілдесінен бастап Әмірхан Әбенұлы Маукулов Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы жетекшісінің міндетін атқарушы болып тағайындалды.

Ә.Маукулов 1967 жылы 26 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысының Байжансай ауылында дүниеге келген.

2004 жылы Қостанай заң институтын заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған. 2007 жылы академик З.Алдамжар атындағы әлеуметтік-техникалық университетті «қаржы бакалавры» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 1986 жылы Якутск АКСР-нің «Куларзолото» тау-кен комбинаты учаскісінің газ инженері болып бастайды. Кейін ішкі істер органдарында, кедендік бақылау бекетінде көп жылдар еңбек етті. Бұл қызметке дейін ол Батыс Қазақстан облысында Кедендік бақылау Департаменті жетекшісінің орынбасары лауазымында болды.

Зейнетақы жаңаша есептелетін болды

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Мемлекет басшысы зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды. Бұл заң зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жетілдіруге бағытталған. ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының Қостанай облыстық филиалының бөлім басшысы Ж.Бимырзинаның хабарлауынша бұл заңда базалық зейнетақының төлемін тағайындау тәртібі өзгереді. 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақы төлемі зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты және зейнеткерлік жасқа жеткен кезде ғана тағайындалады. Сонымен қатар өңірімізде 120 мың зейнеткердің зейнетақысы қайта есептелетін болады.

Ауқымды акция аудандарда жалғасуда

Қарлығаш
ОСПАНОВА

«Саламатты Қазақстан» бағдарламасын іске асыру аясында елімізде «Денсаулық жолы» акциясы бастау алған болатын. Осыған орай, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мамандары облыстың әр аудан, қалаларын аралап, тұрғындармен кездесіп, семинарлар мен дөңгелек үстелдер, тренингтар өткізуде.

– Биылғы «Денсаулық жолы» акциясы туберкулез бен ВИЧ/СПИД дертін ауыздықтауға, оның алдын алуға арналып отыр. Жақында ғана біз Федоров пен Сарыкөл, Науырзым аудандарында болып қайттық. Жергілікті халықпен кездесіп, оларға әлеуметтік маңызы бар аурулар туралы кеңінен әңгімелеп, тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыратын тегін буклеттер тараттық. Сондай-ақ, басқосуларда дәрігерлер де ауыл тұрғындарына денсаулықты сақтау, кез келген аурудың алдын алу, скринингтік тексеруден өту және басқа да тақырыптар бойынша кеңестер берді. Осы аптада Қарабалық ауданына барғалы отырмыз. Жалпы, бұл акция тамыз айының аяғына дейін жалғаспақ, – дейді облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының валеологы Рабиға Наукенова.

Жаңа әкім іске кірісті

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қаласына қарасты «Үштөбе» ауылына жаңа әкім сайланды. Қала әкімі Ғ.Бекмұхамедов ауыл тұрғындары алдында сөйлеген сөзінде: Елбасының сенімді өкілін сайлау барысында барлық сайлау заңдылықтарының сақталғанын тілге тиек етіп, алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

Ауыл әкімі Б.Бралиннің кандидатурасына қалалық мәслихаттың депутаттары бірауыздан дауыс берген.

Бауыржан Сабыржанұлы 1979 жылы 10 қарашада Аманкелді ауданы, қазіргі «Қабырға» ауылында дүниеге келген. Отбасылы, білімі жоғары. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, мектеп директорлығына дейін көтерілген.

Басқосуда ауылдастар атынан сөз алған «Қапеш А» ЖШС басшысы Қ.Әлиев ауыл әкімін сайлауда елдің пікірімен санасып, халық қолдап ұсынған тұлғаның тікелей демократиялық жолмен сайланып отырғандығына ризашылығын білдірді.

Жаңа әкімді қызмет орнына жайғастырған Ғазиз Ерболатұлы алда егін орағы сынды жауапты науқандардың күтіп тұрғанын, сондықтан ел мүддесі үшін әрдайым тиянақты іс атқару қажеттігін алға тартты.

Арқалық қаласы.



● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Салық көлемі 10 есеге көбейді

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

2015 жылдан бастап игерілмей жатқан ауылшаруашылық жерлеріне салынатын салық көлемі 10 есеге көбейді. Үкімет осылайша, тиімді пайдаланылмаған жерлерді мемлекет еншісіне қайтаруды көздейді. Бұл туралы кезекті баспасөз мәслихатында Қостанай облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Әбдуов айтты.

– Қазір агроөнеркәсіп кешендеріне салықты азайту үшін Салық кодексіне өзгертулер енгізуіне байланысты үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында 262,4 мың гектар жайылымдық жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды. Оның 141,2 мың гектары өздігінен алынды, – дейді Нұрлан Әбдуов.

Нақтырақ айтқанда, ауыл шаруашылығы өндірушілері мен шаруа қожалықтарына әлеуметтік салық 11 пайыздан 6,5 пайызға қысқартылды. Сондай-ақ, олар мүлікке, қоршаған ортаға келтірген зиян үшін төленетін салықтан босатылады. Есесіне, ауыл шаруашылығы жерлерін тиімсіз ұстап отырғандар енді жер салығын артық төлейтін болады. Азаматтардан мәжбүрлі түрде тәркілеп алынған



республикалық реестрге енгізілген жер телімдерінің қатарында «Орқаш-Н» ЖШС бар. Жер Кодексінің 96-1-бабына сәйкес сот шешімімен жалпы аумағы 130658 гектар ауылшаруашылық жерлері тәркіленіп алынды.

– Игерілмеген жер телімдеріне қатысты төмендегідей шаралар қабылданып жатыр. Мәселен, жерді пайдалану мен қорғауды бақылау басқармасы аудандық жер қатынастары бөлімдерінен алынған материалдарды Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кіріс департаментіне жолданды. Қостанай облысы бойынша жалпы аумағы 94529 гектар 117 жер теліміне салық төлемін 10 есе төлеу туралы мәселе қаралуда, – деді Нұрлан Әбдуов.

Жалақы бойынша берешек әлі де бар

Прокурорлық қадағалау нәтижесінде Қостанай облысы бойынша 81 миллион теңгеден астам еңбекақы өтелді.

– Облыстық прокуратураның прокурорлық қадағалау шаралары негізінде еңбек қатынасына байланысты кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес нысандарының жұмысы ұдайы бақылауға алынып, орын алған олқылықтар дер кезінде ретке келтіріліп отыр, – дейді облыстық прокуратураның басқарма прокуроры Тұрар Телемесов.

Тек ағымдағы жылдың жартыжылдығында кәсіпорын жұмысының уақытша тоқтауы-

на, жұмыс орнын қысқартуға, жалақыны төлеу мерзімін кешеуілдетуге қатысты тексерістер жүргізіп, сол бойынша 815 адамның құқы қорғалды. Оларға тиесілі 81 миллион теңге еңбек ақылары төленді. Мәселен, Қостанай қаласы прокуратурасының қадағалау актісі бойынша «Бахыт-Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестік 152 жұмыскердің 17 450 514 теңге жалақы берешегін өтеуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, «КазАгроТрейд» ЖШС 101 жұмысшы алдындағы 9 млн. теңгеден астам жалақы қарызы төленді. Мемлекеттің материалдық құқықтарын қорғау саласында 1 миллион

АҚШ долларын тәркілеу бойынша уақытылы шара қолданудың нәтижесінде бюджет шығындарына жол берілмеді. Бұл қаржыны «Азурит» ЖШС-нің өкілдері пайда қылғысы келген.

– Облыс прокуратурасының бастамасымен алимент өндіріп алуға байланысты проблемалық сұрақтарды шешу бойынша мекемелер аралық жоспар жасалып, барлық өкілетті органдарға жіберілді. Прокурорлық қадағалау нәтижесінде 61 миллион теңге берешек өндіріп алынды, 646 борышкер жұмысқа орналастырылды және 301 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – дейді Тұрар Телемесов.

● КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Белсенді еңбек ұжымы

Қымбат
ДОСЖАНОВА

«Арай-Холдинг» ЖШС облыс аумағындағы ең ірі әрі көпсалалы агроөнеркәсіптік Холдинг болып саналады. Компания ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және халық тұтынатын сапалы тауарларды дайындайды.

Кәсіпорында үш мыңнан астам жұмысшы еңбек етуде. Еңбек ұжымы «Нұр Отан» партиясының бірнеше жобаларын белсенді түрде жүзеге асыруда. Соның ішінде «Кедергісіз келешек» жобасы аясында 4 мүгедекті жұмысқа қабылдады. Соның екеуі Павел Сидорчук және Алексей Лукутин спортпен айналысады. Олар республикалық чемпионаттар мен халықаралық байқаулардың бірнеше мәрте жеңімпаздары атанды. Жуырда компанияның жанындағы бастауыш партия ұйымы рейд жүргізіп, жұмыс орнының мүгедектерге қолайлылығын тексерді.



– Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру мәселесіне баса мән береміз. Сондықтан рейд арқылы жұмыс

орнының мүгедектерге ыңғайлылығы және нысандардың қолжетімділігі тексерілді. Осылайша, арнайы құрылған комиссия кәсіпорын басшылығының жұмысшыларға барлық жағдайды жасап отырғанына көз жеткізді, – дейді «Арай» ЖШС бастауыш партия ұйымының төрағасы Абылайхан Демисенов.

Аталған компания «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты балалық», «Мектепке жол» партиялық жобалары бойынша да игі іс-шараларды жүзеге асыруда. «Нұр Отан» партиясының Қостанай облысындағы ең ірі бастауыш партия ұйымдарының бірі дәл осы кәсіпорын базасында орналасқан.

● ҰЛТ ЖОСПАРЫ – "100 НАҚТЫ ҚАДАМ"

Мемлекеттік қызметтің мәртебесі биік

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

Елімізде мемлекеттік қызмет реформасы жасалды. Бұл Елбасының биылғы 100 нақты қадам бағдарламасының шеңберінде қолға алынып отыр. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің қызметкерлері реформаның барлық қағидасын таныстыруға көшті.

Олар Қостанай облысындағы барлық мемлекеттік органдардағы кадр қызметтеріне олардың жұмысының қалай өзгеретінін село, аудан, қалаларда мемлекеттік қызмет саласында жұмысын енді ғана бастаған мамандарға түсіндіруді бастайды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің бөлім басшысы Рүстем Болатовтың айтуынша,

Қазақстанда мансап моделіне өту жоспарланып отыр. Оның аясында мемлекеттік қызметке бірінші рет келіп отырғандар өз кәсібін ең төменгі қызметтерден бастайды. Қызмет бабымен алға қарай өсуі жеңілдетілген тәртіп бойынша ішкі конкурстың негізінде және қысқа мерзімде жүзеге асып отырады.

Қазіргі уақытта тағы да бір жаңалық – жаңа Этикалық кодекс әзірленіп жатыр. Ол мемлекеттік қызметтің құндылығы мен ұста-

нымдарын бекітеді. Онымен қоса, шенеуніктердің жұмыстағы және тұрмыстағы өзін-өзі ұстау стандарттарын анықтайды. Алдағы 2016 жылдағы көшенді аттестацияның ерекше дарынды әрі алғыр мамандарды анықтауға арналғаны айтылады.

Мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс нәтижесіне ұдайы баға беріліп, бонустар төленеді. Бағалау мемлекеттік қызметтегі барлық жұмысшыға қатысты ("А" және "Б" корпустары). Оларды бағалау факторлық-балдық бағаны бойынша іске асырылады, бұл бағалау жүйесі сатылы лауазымды ғана емес, сонымен бірге, қызметкерге түскен жүктемені есепке алуды да бағамдауды қарастырады. Мұнымен қоса, қызметкердің стратегиялық мақсаттар мен мемлекеттік органдардың мақсатына жетуіне қосқан үлесі есепке алынады.

Ұлт жоспары талқыланды

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Қостанай облыстық сотында бес институттық реформаны жүзеге асыруға бағытталған "100 нақты қадам" Ұлт Жоспарындағы заң үстемдігін қамтамасыз ету шараларын насихаттауға және талқылауға арналған кеңес өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, Сот жюриінің төрағасы Морьяк Шегенов, Астана қалалық сотының судьясы, Сот жюриінің хатшысы Роза Жакудина, облыстық сот басшылығы мен судьялары, сондай-ақ аудандық және оған теңестірілген сот төрағалары мен судьялары қатысты.

– Заң үстемдігін қамтамасыз етуде қойылған талаптар ауқымды. Ал оны жүзеге асыру үшін әр судьяның атсалысуы керек. Сондықтан алдымен әр судья өз қызметін мінсіз атқаруға ұмтылуы тиіс, – деп атап өтті М.Шегенов.

Қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы А.Шәмшиев заң үстемдігін және соттың ашықтығы мен жариялылығын одан әрі қамтамасыз етуге қатысты Ұлт жоспарының тармақтарына жан-жақты тоқталды. Сонымен



қатар, жиналысқа қатысушылар баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекетті дамытуға бағытталған бес институттық реформаны да сөз етті.

Талқылау барысында азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету мақсатында сот жүйесінің сатыларын оңтайландыруды қарастыратын бес сатылы жүйеден үш деңгейлі сот төрелігіне көшуге қатысты заң үстемдігін қамтамасыз ету реформасына ерекше көңіл бөлінді.

Кеңес соңында Жоғарғы Соттың кадр резервіне кандидаттарды іріктеу бойынша судьялар пікірі тыңдалды.

"Әкелер кеңесі" құрылды

Рудный қалалық "Нұр Отан" партиясының филиалында Ел Президентінің "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында айтылған бастамалары талқыланды. Кездесу облыстың "Грин" азаматтық альянсы өкілдерінің, Лисаков және Таран аудандарынан келген партия белсенділерінің қатысуымен өтті.

Алғаш боп сөз алған Азаматтық альянстың көшбасшысы Динара Өтебаева қостанайлықтардың жүрегіне жол тауып, қызу пікірталас тудырған бес институционалды реформаға кеңінен тоқталды. Егемен елдің еңсерген жетістіктерін атады. Мысалы Ұзынкөл ауданында ер кісілер аз қамтылған отбасылардан шыққан ұл балаларға көмек көрсету үшін "Әкелер кеңесін" ұйымдастырғанын атап өтсек болады. "Әке көрген оқ жонар" демекші, осын-



дай ұйымдардың жастарға тәрбиелік мәні зор екендігі сөзсіз. Жоба үйлестірушісі, "Бірлес-

кен ұйымдар ассоциациясы" АҚ өкілі Саят Шаймұханов "Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол" атты Жолдауды іске асыру мақсатында өңірде жасалған іргелі істер туралы айтып берді. Оған мысал ретінде "Арқалық-Шұбаркөл" темір жол учаскесінің іске қосылуын келтірсек болады.

Кәсіпкерлікті қолдау орталығының өкілі Ольга Прядко шағын және орта бизнестің дамуындағы жетістіктер мен мәселелерді баяндап, жүзеге асырылған жобалар туралы мәлімет берді. Кездесу соңында мемлекеттік мекеме-кәсіпорын қызметкерлері мен қоғамдық бірлестік өкілдері Ұлт жоспарындағы нақты міндеттерді орындауға қатысты өз ұсыныс-тілектерін ортаға салды.



Жатақхана жаңарды

Лисаков. Қаланың 5 шағынауданында орналасқан жатақхана күрделі жөндеуден өтті. Нысан 1980 жылы салынған. Бес қабатты ғимарат төрт айдың ішінде жаңарып шыға келді. Ескі шатыры ауыстырылып, жылумен қамтамасыз етуді реттеуге арналған автоматтандырылған жүйе орнатылды. Жатақхананың жаңарғанына тұрғындар дән риза.

"Мектепке жол" акциясы басталды

Облыста. Білім басқармасының мәліметінше, бұл осымен сегінші жыл өткізіліп отырған шара. Осы жылдарда облыс бойынша 70 мыңға жуық мектеп баласына 360 млн. теңгеден астам сомаға көмек көрсетіліпті. Мұндай атымтайлық аз қамтылған отбасының балаларына көрсетілетінін айта кеткен жөн. Жаңа оқу жылы қарсаңында басталатын дәстүрлі шараға мемлекеттік органдар, АҚ, ұлттық компаниялар оқушыларға қолғабыс етіп келеді.

Алимент төлемеген азамат жазаланды

Қарабалық. Алимент төлеуден жалтарып жүрген 47 жасар азамат Александр Шалғымбаев өкімшілік жазаға тартылды. Аталған азамат кәмелеттік жасқа толмаған баласына бір жыл бойы алимент төлемеген. Аудан прокуроры Ермек Бакаевтың айтуынша, алимент төлеуші сот актілерін орындаудан бас тартқан жағдайда өкімшілік құқық бұзушы болып табылады.

Ит иесі жазаланды

Рудный. Жеті жасар жеткіншекті қапқан иттің иесі 500 мың теңге моральдық шығынды өтейтін болды. Естеріңізге сала кетсек, иесімен серуенде жүрген пит бультерьер тұқымды ит жеткіншекке бас салған. Арашаға түскен баланың анасын да тістеп тастаған көрінеді. Ұзақ емделген балалы әйел сотқа арызданып, 2 млн. теңге моральдық шығын өндіруді талап еткен еді. Десек те, сот талапты жартылай қанағаттандырған.

Кемеңгер ақын

Қостанай. Л. Толстой атындағы облыстық кітапханада Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл толуына арналған әдеби-сазды кеш өтті. Қазақ халқының кемеңгер перзентін еске алып, дәріптеген жиынға белгілі ақындар, жазушылар, мәдениет қызметкерлері қатысты. Шара барысына ақынның артында қалдырған мол мұрасы әңгіме арқауына айналды.

Балалы арба шеруі

Қостанай қ. Қаланың құрылған күні мерекесіне орай, облыс орталығында түрлі жобалар жүзеге асырылмақ. Солардың бірі – "Бәрі де балалықтан басталады" атты балалар арбасының шеруі. Сәбилерін қол арбаға салып алған аналар түрлі мультфильм, ертегі кейіпкерлерінің кейпінде болмақшы. Аналар бұл сайысқа қызу дайындық үстінде. Әзірге шеруге қызылды-жасылды әсемделген арбасы бар 74 ана тілек білдірген екен.

Біліктілігін арттырды

Аманкелді. Аудандық орталық кітапханасының оқу залында "Кітапхана жанынан клубтарды қалыптастыру – заманауи қажеттілік" атты аймақтық зерделі кеңес болып өтті. Іс-шараның ұйымдастырылуына Арқалық қаласындағы №2 ОӘФК мен аудандық орталық кітапхана атсалысты. Зерделі кеңестің мақсаты – кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру, кітапханаларда клуб жұмысын жандандыру, жаңашыл озық ойлармен, іс-тәжірибемен алмасу.

● ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

Құмтөбенің көгінде қалықтаған ән

Әлібек ИБРАЕВ,
Нұрболат МЕШІТБАЕВ

Таң алакеуімде жолға шықтық. Біз мінген көлік жылдамдығын арттыра түсті. Бағыт – Меңдіқара ауданындағы Құмтөбе ауылы. Жол бастаушымыз – Сапабек Хамитов. Сапекеңнің сөзге сараңдығы сезілмейді. Өткен тарихты қозғап, ауылдағы ақсақалдардан тыңдаған әңгімесін желдірмелетіп келеді. Біз де оның айтқан әр сөзін құйма құлағымызға сіңіріп, ел-жер тарихы, тұлғалар өмірін білуге ынтығып барамыз.

– Жүгірген аңның таңы айрылып, ұшқан құстың қанаты талатын қазақтың ұшы-қиыры жоқ кең жазирасын ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, төбесінен шыбын ұшырмаған кешегі баһадүр бабалардың ерлігін қалай дәріптесең де жарасады! – деп сөз бастады Сапабек Хамитов. – Сол бабамыздың бірі – Қалыбай батыр. Шақшақ Жәнібекпен кескілескен ұрысқа қатысып тіпті, сонау Ресей патшайымына дейін барып, баянды болашақ үшін қам жеді. Міне, мынау Құмтөбе содан бері қалың Өтей ішіндегі Қалыбай ұрпақтарының атам заманнан бергі атақонысы, – деді көз ұшындағы жұрты қалған үлкен төбені бізге көрсетіп.

Шақшақұлы Жәнібек батыр Обаған өзенінің бергі жақ бетін Бекбаулы мен Сұлтанкелді ұрпағына бергізіп, Ресей шекарасы бойына көшіп-қонып жүруге рұқсат алыпты. Міне, сол уақыттан бері Құмтөбе Қалыбай ұрпақтарының қасиетті қарашаңырағына айналған.

Бұл маң түгін тартсаң майы шығатын, сулы да нулы, мал-жанға жайлы жер. Мынау тұрған Өскеқарағай мен Өскесайы Қалыбайдың үлкен ұлы Өске бабаның атымен аталғанын біз Сапекеңнен білдік.

Қалыбайдың үлкені Өскеден тараған ұрпаққа ғана емес, басқаларына да бұл масасыдай құлпырған маң дала қасиетті төр болған. Анау көз ұшындағы зиратқа ең алғаш Қалыбай баласы Өске жерленіпті. Бүгін мына кең алап тебіреніп жатыр. Ақжал селеулері толқып аққан теңіздей баяу тербеледі. Сағым бұған осынау сардала бүгін Өтей баба балаларының дұғасына бөленбек. Қазақта "Өлі разы болмай, тірі байымайды" деген бар, рас, Құмтөбе баурайында мәңгі тыныстап жатқан әруақтар бір аунап түсетін күн бүгін. Өмірден өткен арғы-бергі аталарына ас беру белгілі қоғам қайраткері Нығметжан Есенғара ұрпағының көптен бергі ойында жүрген ұлы мұраттарының бірі болатын. Бұл тек қана Өтей ұрпағы Қалыбай батыр құрметіне ғана емес, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған ас болды.

Ел жаққа жиі ат басын бұрып, мол дерек жинады. Ақсақалдармен кеңесті. Нәтижесі жаман болған жоқ. Өтей әулетінен шыққан Қалыбай ұрпақтарын түгендеп, тарих тереңінен суыртпақтап сыр тартқан танымдық шежірені қалың жинақ етіп бастырды. Мұның бәрі айтар

немесе Баба рухына тағзым



Бір топ өтей ұрпақтары

ауызға оңай болғанмен, майдан қыл суырғандай өте ыждахаттылықты қажет ететін қиын шаруа. Күрделі дүние.



Қалыбай батыр
ұрпақтарының үлкені
Бөкен ақсақал

Нығметжан ағасының ата-бабаларына ас беру туралы ойын Сапабек Мағзұмұлы бірден құп алды. Алыс-жақындағы ағайындарымен ақылдасты. Сөйтіп, іске кіріскен. "Көппен көрген ұлы той" деген, бұл шын мәнінде көптің арқасында бітетін шаруа еді. Солай болды да. Бірақ, осының басы-қасында Сапабек күн-түн қатып жүрді.

Ас беру – ежелден қалыптасқан қазақ салты. Оны құрметтеу ләзім. Ол – ас ішіп, аяқ босату емес немесе байлығын көрсету емес.

Ас беру – баба аруағына тағзым ету, құрметтеу, жас ұрпақты тегін білуге шақыру. Ақсақалдардан бата алу. Шежіре жинап, насихат тыңдау. Мәдени-көпшілік шара басталмас бұрын осы рудың өкілі, Рудный мешітінің Бас имамы Сейіт қажы Нұрханов Өтей Қалыбай батырға һәм оның дүние салған ұрпақтарына, ата-бабалары рухына құран бағыштады.

Жоғарыда айттық, Өтей Қалыбай батыр бабамыз сонау жаугершілік заманда өмір сүрген Шақшақ Жәнібек батырды аға тұтып соңына еріпті. Інісін Жәнібек батыр да ерекше сыйлаған. Әбілқайыр хан Ресеймен мәмілеге келерде Шақшақ Жәнібекпен бірге осы Қалыбайды өзімен бірге ертіп барған деседі тарихи мағлұматтарда.

Бейбітшілік пен азаттықтың іргетасын қалап берген Өтей Қалыбай сынды батырлардың жасампаз ерлік істері бүгінгі ұрпаққа орасан үлгі-өнеге. Ешкімде мұны жоққа шығара алмайды. Сондық-

тан болар, баба рухына тағзым етіп отырған осынау көлемді шараға алыс-жақыннан ағайындар көп жиналды. Арасында елге сыйлы ақсақалдар тебірене тіл қатып, баба тарихты тірілтіп. Солардың бірі – ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарған, белгілі қаламгер, еңбек ардагері, Қазақстанның оқу-ағарту ісінің үздігі, Өтей ұрпағы Тарғын Әбенәлі ағамыз.

– Обаған өзені бойын жайлаған қалың Өтей ұрпағының ішінде Қалыбай батырдың есімі ерекше аталады. Бүгін Өтейден шыққан Қалыбай батыр ұрпақтары ата-баба есімін жаңғыртып, ас беруде. Мынау қасиетті Құмтөбе сол Қалыбай бабамыздың құтты қонысы. Бұл ас беру рәсімі тек Қалыбай батырдың ғана емес, биылғы Қазақ хандығының 550 жылдығына да арналып отыр, ағайын, – деді тебірене сөйлеп.

Содан соң ол күллі Өтей ұрпағының шежіресіне, ел-жер тарихына тоқталып, игілікті іске мұрындық болған қоғам қайраткері, Тәуелсіздік алған жылдарда көлік министрі болған Нығметжан Есенғариннің еңбегін баяндады. Нығметжан Есенғарин мемлекетіміздің тұңғыш көлік министрі болған Кеңес одағының құрметті теміржолшысы, құрметті көлік құрылысшысы атанған Өтей ұрпағы. Ол Обаған өзенінің аумағын мекен еткен Арғын Сарыжетім Өтей Қалыбай батыр ұрпақтары мен баба тарихына қатысты жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімін жасады.

– Ардақты ағайын! Ата-бабамыздың құтты қонысы – Құмтөбеге келіп, Сіздермен көрісіп жатқанымда ден ризамын. Аталған игілікті шараны өткізуге мұрындық болғаным рас. Бірақ, соның барлық ауыр жүгін арқалап жүрген Сапабек ініме алғысым шексіз, – деп ағынан ақтарыла

сөйледі. – Жақында ғана баспадан Арғын Сарыжетім Өтей Қалыбай батыр ұрпақтары мен баба тарихы жайында кітап құрастырдық. Бұл жинақта Обаған маңайын мекен еткен Өтей ұрпақтарының өмірі, тұрмысы зерттеліп, зерделенді. Бүгінгі аста сол жинақтың тұсауы кесілмек, – деді кітап туралы ойын айтып.

Нығметжан Есенғариннен кейін сахнаға еңбек ардагері Аманкелді Нұрғалиев көтеріліп, ол да өзінің жүрек жарды сырын ақтарды.


Иә, мынау қасиетті Құмтөбе талай ұлт пен ұлысқа қоныс болған нулы да, сулы киелі жер. Түгін тартсаң майы шығатын нағыз шөбі шүйгін қоныс. Нығметжан ағамыздың жаңа кітабының тұсау кесерінен соң белгілі жас композитор, республикалық байқаулардың бірнеше мәрте лауреаты Жарқынбек Деріпсалдин "Атамекен – Құмтөбе" деген жаңа ән жазды. Жаңа туындының тұсауы көптің алдында кесілді.

Құмтөбе баурайы бағзыдан бері қазақ баласына құтты төр болған киелі қоныс, ардақты атамекен. Дәл осы арада ауыл ақсақалдары бас қосып, кейінгі толқынға бабаларымыздың ерлік ісін айтып, өсиет қалдырған. Райхан, Хамит, Тоқбай, Қали, Әбдібек, Нұрхан сынды қариялардың есімдері ел ішінде әлі де құрметпен аталады. Сол ауыл ақсақалдарының бұдан елу жыл бұрынғы бейнесін Қостанай облыстық қазақ драма театрының әртістері өте шеберлікпен сомдай білді. Бұл бейнелерді жарыққа шығаруға Бөкен ақсақалдың ақыл-кеңесі себеп болды. Ол Қалыбай батырдан тараған ұрпақтардың қазіргі жасы үлкені. Оның айтуынша, Қалыбай батыр Қыдыр Қалпе деген әулие досының көмегіне көп сүйенген екен. Тіпті, ажалының неден болатындығын да Қыдыр Қалпе дәл айтқан деседі.

Аста Қыдыр Қалпенің ұрпақтары бабасы жайында толғап, әңгіме айтқан Бөкен қарияға құрмет көрсетіп, иығына шапан жапты. Игі шара шын мәнінде тағылымға толы болды. Бұл кейінгі өскелең ұрпақ жалғай жүретін игі дәстүр екені даусыз. Астың ресми бөлігі аяқталып, жан-жақтан жиналған ағайын дәм ауыз тиген соң, боз кілем

үстінде палуандар белдесті. Облысқа есімдері жақсы танымал болған спортшылар екі сағат бойы Қалыбай батырдың жұлдесін сарапқа салды. Мұндайда палуандардың осалы болушы ма еді. Кілең "сен тұр, мен атайын дейтін" сайыпқырандар шаршы топта суырылып шығып, олжа салды.

Барлық мәдени-спорттық шара аяқталар тұста белгілі кәсіпкер Сапабек Хамитов сөз сөйлеп, атсалысқан ағайынға, туған-туысқа алғысын айтып, "ел-жұрт аман болсын! Тыныштық заман болсын! Қазақ халқының рухы қашан да биік болсын!" деп тілегін жеткізді.



Қоғам қайраткері
Нығметжан Есенғарин

Атамекен – Құмтөбе

Сөзін жазған: Нұрболат Мешітбаев
Әнін шығарған: Жарқынбек Деріпсалдин

Көне тарих тереңінен басталады,
Туған жердің нұрлы ғой аспаны әлі!
Өтей батыр, Қалыбай дәстүрімен
Қалықтатсын Құмтөбені жастар әні!

Қайырмасы:

Қосылады Құмтөбе әнімнің ырғағына,
Нұр құйылып нәр берді жап-жасыл қырға мына.
Атамекен – Құмтөбе, аялы, киелісің,
Қазынаңды қалдырдың молынан ұлға мұра!

Жайқалады егініңмен қырдың үсті,
Күмбірлейді Құмтөбе мыңдыбысты!
Атамекен бақытын әнге салып
Ұясынан бұлбұл құсы ырғып ұшты.

Қайырмасы:

Жанарыңды туған жерім, бұршы маған,
Жадыратсын жанарымды жырыш далам!
Сағынғанда ақ селеулі кәусәр далам,
Киелі ғой топырағың ыстық маған!
Қайырмасы.



Шежірелі ел және Қалыбай батыр

Екі актілі шағын көрініс

Қатысатындар:

Тоқбай – ауыл ақсақалы. Ұзын бойлы, ірі денелі, батыр тұлғалы, дауысы қатқылдау шығатын жан.

Қали – орта бойлы, арықтау келген, жіңішке, жұмсақ сөйлейтін жан.

Нұрхан – ортадан жоғары бойы бар, дауысын соза ақырын сөйлейтін момындау шал.

Әбдібек – орта бойлы, көрінген жанға жұғыса кететін, жаңалыққа жаны құмар, ауызы сөзден құрғамайтын әзілқой шал.

Райхан – сөзуар, әр айтар әңгімесін байыппен, салмақтап, шешен сөйлейтін кісі.

Қалыбай батыр – ірі денелі, батыр тұлғалы, үні қатқылдау, қимылы ширақ кісі.

Ауыл ақсақалы – сақалы ұзын, орта бойлы, сөзін асықпай баппен сөйлейтін жан.

Қалыбай батырдың атқосшысы – ірі денелі, түрі суық жан.

Бірінші көрініс

(1960 жылдардың жаз кезі. Құмтөбе ауылы. Жағалай малдас құрған ауыл ақсақалдары. Олар Қалыбай батыр құрметіне ас беріп жатыр. Ақсақалдар жастарды жинап, ата-баба тарихынан сыр шертіп отыр.)

Тоқбай: Иә десеуші, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жерімізді жаудан қорғаған кешегі бабаларымыз қандай баһадүр жандар! Сол бабамыздың бірі – Қалыбай батыр еді!

Қали: Дұрыс айтасың, Тоқа! Дәл өзіңдей тұлғалы болған шығар Қалыбай бабамыз. Осы жүрген қарадомалақ балалар соны білгені дұрыс. Шақшақ Жәнібек батырмен кескілескен ұрысқа қатысып тіпті, сонау Ресей патшайымына дейін барып, баянды болашағымыз үшін қам жеді емес пе?! Міне, мына Құмтөбе содан бері біздің атақонысымыз. Бүгінгі жас ұрпақ соны біліп жүрсін деген ниетпен айтып отырмын.

Нұрхан: Әй, пәтшәғарлар-ай! Қыстықүні галәшпен аязды елемейтін Тоқаң қарап мына жүгірмектер бір-бір тай мініп "Мен Тоқбай батырмын" деп шауып жүргенін талай естідім.

Тоқбай: Тәйт әрі! Сен де қай-қайдағыны әңгіменің қуысына қыстырып жібересің-ау! Қыста қандай үскірік болса да аяғымның қыңқ етпейтіні рас. Соны айтқың кеп тіліңнің қышып кеткені ғой (күлді).

Нұрхан: Негізгі айтпағым бұл емес еді. Әңгімесіне әзілді қосып сөйлейтін Әбекеңе ұқсайын дегенім ғой. (Күлді.) Әй, Дүйсен, Мағзұм, сендер біздің айтқан сөзімізді құйма құлақтарыңа құйып жүріңдер. Тек қана баба тарихын емес, осы Құтты қоныс – Құмтөбенің де бізге қалай бұйырғанын біліңдер. Әруағы қашан да қолдай берсін, Шақшақұлы Жәнібек батыр бар емес пе?..

Барлығы: (иә, айта бер, айта бер! дейді бір ауыздан).

Нұрхан: Обаған өзенінің бергі жақ бетін Бекбаулы мен Сұлтанкелді ұрпағына бергізіп, Ресей шекарасы бойына көшіп-қонып жүруге рұқсат алған. Міне, сол уақыттан бермен қарай бұл жер

біздің ата қонысымызға айналған.

Әбдібек: Бұл туралы өткен жылы Торғай жеріндегі бір асқа барғанда естігенмін. Сол жақтың біздің Райхан сияқты ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін қу тілді шешені айтып берді шұбыртып.

Тоқбай: Сенің де бармайтын жерің, естімейтін әңгімең жоқ шығар.

Әбдібек: Енді қайтейін әдетім сол болса! Мынау жарғақ құлағым жастыққа тимей сендерге жаңалық іздеумен боламын да...

Барлығы: (қарқылдап күліп жібереді.)

Әбдібек: Сендердің бүйткен күлкілеріңе қарап қалған жоқпын. Расында да мекен өткен осы Құмтөбе түгін тартсаң майы шығатын, сулы да нулы, мал-жанға жайлы жер ғой. Мынау тұрған Борки бұрынғы Өскеқарағай. Әнеу жердегі Татъяновка біздің Қалыбай батыр бабамыздың атымен аталған. Переселендер кеп бәрін өзгертіп жіберді емес пе?! Өскеқарағай мен Өскесайы Қалыбайдың үлкен ұлы Өске бабамыздың атымен аталғанын мынау ұрпақ біле ме екен?

Райхан: Иә, ағайын, қанша күлсеңдер де Әбдібектің айтуы орынды. Біз айтпасақ ұрпақ қайдан білсін?.. Айта отырайын... Әй, Мағзұмжан құлақтарыңды бермен салыңдар. Қалыбайдың үлкені Өске-

ден тараған ұрпаққа ғана емес, басқаларына да бұл масатыдай құлпырған маң дала қасиетті төр болған. Анау көз ұшындағы зиратқа ең алғаш Қалыбай баласы Өске жерленіпті. Қалыбай батыр туралы мынау бір аңызды айтып берейін.

Барлығы: Райхан сөйтші. Мынау ұрпақ естисін.

Райхан: Батыр бабамыздың заманда-сы, досы Қыдыр Қалпе деген болған. Өзі сәуегей, айтқаны қате кетпеген діндар. Бір күні Қалыбай батыр досынан өзінің ажалы қашан, неден болатынын сұрайды емес пе?! Сонда Қыдыр Қалпе:

– Қалыбайжан-ау, оны несіне сұрайсың?! "Өзекті жанға бір өлім" деген бар. Бәріміздің де ажал құрығына түссек дәм-тұзымыздың таусылары хақ, – деп айтқысы келмейді. Бірақ Қалыбай батыр қояр да қоймай тұрып алады.

– Жә, достым, болмадың ғой. Айтайын, ажалың ұзын сүңгі жау найзасынан болады. Бірақ оған бола қамықпа, – дейді Қыдыр Қалпе. Содан бері ай артынан ай, жыл артынан жыл өтеді. Қалыбай досының сол әңгімесін ұмытып кетеді. Бірде жорыққа аттанарында досы Қыдыр Қалпе келіп:

– Ал, досым, ең бастысы жаудың жел жақ өтінде соғыссаң болғаны. Ортаңғы шепке бара қойма. Жау жақтан аңдысқан бір батыр бар сені алмай қоймайтын. Ол өзі қулау. Алдауына түсіп қалма. Әнеу бір жылдары оның ағасын жер жастандырғансың. Соның кегін қайтармақшы. Байқарсың. Жадыңнан шығарма айтқанымыз, – дейді бір жаман нәрсенің боларын сезгендей.

Бұған Қалыбай кәдімгідей шамданып қалады. Бірақ досына ләм-мим деп тіс жармайды. Елдің көзінше мұның абыройын түсіргендей сияқты ма деп те ойлап қояды. "Жаудан қорқатын, тасалап жүретін мен бе едім. Атыма сын емес пе?! Шақшақұлы Жәнібек ағам не дейді маған содан соң! Не де болса да ортаңғы шепте болып, жауды бұзып өтем деп" тоқтамға келеді. Сөйтіп, қанқұйлы ұрыста ортаңғы шепте соғысып жатқанда ту сыртынан оң жақ жауырынның тұсынан кірші етіп кірген нәрсені сезеді. Ұзын дүние екінші жақ бетінен шыға алмай тұрып қалады. Артына қарауы сол еді баяғы өзі жекпе-жекте өлтірген қалмақ батыры Доржанның аумауын біреу екен. Тез арада ес жиып қолындағы енді сусып бара жатқан қайық қылышымен бар демін ішіне тартып, күш жиып, көз ілеспес шапшаңдықпен сілтеп қалады. Доржанның інісінің басы аспанда біраз қалықтап барып топ етіп жерге түскенде ғана Қалыбай батыр да тізерлеп сол жақ иығын тірей жер құшады. Сол алған жарақаттан ол айықпай дүние салады. Сөйтсе, Доржанның інісі найзасының ұшына у жағып шыққан екен. Жорықтағы серіктері Қалыбай батырдың сүйегін Жезқазған мен Арқалықтың екі ортасындағы үлкен дөңге жерлейді. Бұл дөң кейіннен Қалыбай шоғы, Қалыбай дөңі аталып кеткен екен.

Қали: Иә, Рәкең әңгіменің майын осылай тамызып айтады ғой. Паһ шіркіні! Бабамыз-ай! Қандай намысты баһадүр еді. Бабамыз Қалыбай туралы аңыз көп қой, ағайын! Міне, соның бір парасын

осы ұрпаққа насихаттадық. Аруағы разы болсын бабамыздың! Жас ұрпақ "өлі риза болмай тірі байымас" деген ұлағатты сөзді санасына сіңіріп өссе болғаны. Әлгіндегі Әбекеңнің сөзін жандандырып жіберейін. Жаугершілік заманда қалмақ пен қазақ арасында бір келісім болады ғой. Сол келісімді атаңа нәлет қалмақ бұзып, мына Құмтөбенің қасындағы Қанды деп аталатын жерді мекен етіп отырған қазақ ауылын шауып, малын айдап, қыздарын зорлап, ерлерін құлдыққа алып кетеді. Үлкен қырғын болған бұл – Қандыда. Содан ғой Қанды деп кеткеніміз. Бабамызды құрметтеп ас беріп жатқаннан кейін сол Қандыда қырылған жандарға да құран оқып бет сипап қоялық.

Барлығы: Жөн, Қалеке! Өзіңіз оқып жіберіңіз!

(Осы жерде Қанды қырғынында шәйіт болғандарға құран бағышталады. Қали құран оқиды.)

Қали: Иә, ағайын, жатқан жерлері жайлы, топырағы торқа болғай! Бұл әңгімені қозғаған себебім – біз үміт күтетін осы ұрпақ білсін, көрсін деген ниетпен еді! Ас беру – ас ішіп, аяқ босату емес құлындарым! Біз сияқты шалдарды сөйлетіп, насихатын тыңдап, бабалар шежіресін жинау! Құрметтеу! Көп сөйлемейтін едім. Осы да жетер. Реке, тағы бір аңызыңызды естік. Сіз сөйлегенде бәрі сілтідей тынып, оқиғаңызбен жел тұрғызып жіберетін едіңіз.

Барлығы: Иә, Реке, айта отырыңыз! Тағы бір тыңдайық.

Райхан: Ендеше, құлақтарың менде болсын! Жаугершілік заман. Ел кіммен дос, кіммен қас боларын өлі шеше алмай жатқан шақ.

Екінші көрініс

(Осы сәтте "Жұмыр қылыш" күйі орындалады. Желдің уілі, аттың кісінеуі, елдің айқай-ұйқай, у-шу дауысы естіледі. Ақсақалдар сахнадан ақырын ығысады. Бір кезде сәйгүлік атына мінген Қалыбай батыр шығады. Аттан түсіп жиналған жұртына қарайды.)

Қалыбай батыр:

Уа, қабырғалы елім аманбысың?!

Еділді көріп емсеген,
Жайықты көріп жемсеген,
Таудағы тарлан шұбар біз едік,
Шақшақ Жәнібектің барында
Қара қазан, сары бала
Қамы үшін қылыш сермедік.
Шабытымыз келгенде
Ауызы қисық қалмақтың,
Шетінен сүйреп жеп едік.
Мынау тұрған орыспен
Теңдей бүгін сөйлесіп
Мәмілеге кеп едік.

Жаңа ғана Шақшақұлы Жәнібекпен қоштасып келдім. Ойымыз орындалды. Ортамыз толды. Дегеніміз болды. Бұдан былай тереземіз тең орыстармен күн кешеміз. Бұл қоныс бізге – аманат. Ұлтарактай жер үшін қан кешкен күн артта қалсын! Ендігі өміріміз баянды болғай!

Ауыл ақсақалы: Уа жаратқан Алла, батырымызға саулық бер! Үлкен жолдан келген екен. Жаңалығымен бөлісті.

Қалыбай батыр: Ақсақал, ұзақ сапарымыз сәтті болды. Сіздердің ықылас-тілектеріңіз орындалды. Бұдан былай іргедегі елмен жауласпаймыз, дос болуға ниет таныттық. Абыройлы ісіміз ұзағынан болсын! Батаңызды беріңіз!

Ауыл ақсақалы:

Бармысың жауға шапқан алтыным-ай,
Құмтөбем, саз қонысым, салқыным-ай!
Орыстың патшайымына барып келдің,
Шықтың ба, аман-есен жарқыным-ай!
Жау десе тұра шауып ел қорғайсың,
Ақ алмас, алтын сапты қылышым-ай!
Жәнібекпен екеуің алты алаштың
Кеңейттің бүгін міне, тынысын-ай!
Жатпапты асыл пышақ қын түбінде
Шықтың ба, қабын жарып ырысым-ай!
Жүрген жерің жаз болсын,
Айдынына қаз қонсын.
Ұйқың-күлкің аз болсын,
Мерейіңе мақтанып,
Елің-жұртың осылай мәз болсын!
Жая бергей жапырақ,
Атсын таңың жарқырап.
Әумин!



● АЙМАҚ

Осы бір ерекше кәсіп иелері өздерінің қолдарынан пайда болған туындылары ғасырлар бойы сақталатынына мақтануы керек. Құрылысшы жұмысы ол үлкен жауапкершілік. Осы маман иесінің бірі – Кәкімбек Есмұрзин, Науырзым ауданында туып өскен. Құрылыс инженері биыл 54 рет құрылысшылар күнін қарсы алып отыр. 50 жылдай құрылыста істеген. Қатардағы шеберден бастап трестің басшысына дейін қызметте болған. Науырзым ауданының орталығы Докучаев совхозының құрылыс бөлімін басқарып, ауданды салуға басшылық еткен. Осы кісінің басшылығымен облыста көп құрылыстар салынған. Элеватор, жем-шөп зауыты, үйлер, кеңселер... Айта берсе тіркесі көп ғимараттардың салынуына Кәкімбек Есмұрзин үлесін қосқан.

Бүгінде 80 жасты алқымдап отырған ағамыздың өмірінде қиын шақтар да болды. 1986 жылы Арқалықта Алматыдағы жастар қозғалысын қолдауға 200-ден астам студентті ұйымдастырып көшеге шығарғаны үшін биліктегілер бұл кісіні партиядан шығарып, жұмыстан қуған. Бүгінгі мерекесінде ағамыз Науырзым ауданының 50 жылдығы жайында сөз етеді.



материалдармен дер кезінде қамтамасыз ету біздің құрылыс бөлімінің міндеті болатын.

Сол кезде аудан орталығында Қариялар кеңесі болды. Ел ағалары – Қали Ізтілеуов, Қойшыбай Алин, Нұған Сағадиев, Қайырбек Төлебаев, Ғұмар Шиебаев, Иван Зинченко, Жанұзақ Шоқпұтов, Әуезхан Ахметов, Есімсейіт Тасқанбаев осы кеңесте талай күрделі мәселелерді қарап шешімдерін іске асыруға атсалысатын.

Совхоздарда алдымен үй құрылысы дамыды. Олардың бөлімшелерінде ескірген, бұзыла бастаған ғимараттарды жөндесек, кейінірек үлкен-үлкен мал кешендерін салдық. Құрылыс әсіресе жаңадан ашылған «Буревестник» совхозында қарқынды жүрді. Совхоз 100 мың гектар егін егіп, 30-ға тарта су қоймаларын салса, екі-үш жылда совхоз орталығы ақ силикат қышпен қапталған ауылға айналды. Бұндай істерде бұрын облыста басшы қызметте болған, Социалистік Еңбек Ері совхоз директоры Козлов Николай Григорьевичтің еңбегі айрықша. Ол шаруашылықтың, құрылыстың барлық жұмысына өзі тікелей араласатын. Мен 6 жыл ауданның құрылыс жұмысын басқарған кезімде облыс басшыларына менімен Николай Григорьевич бірге барып талай мәселелерімізді шешіп беретін.

Елді ел қылатын, ел қамын ойлап елге бас болатын Науырзым елінің ұйытқысы, кешегі аштықта, соғыс кезінде елді сақтап қалған азаматтарды айтпасақ, Науырзым тарихы толық болмас. Олар әр ауылдан мына кісілер: Науырзымнан Қыпшақ Исмайылұлы, Тілеміс-ата, Ақтас Тұрмағамбетұлы, Есенғали Бөлтірікұлы, Нұрсұлтан Шәйкенұлы, Әбдікәрім Досжанұлы, Шаяхмет Сәменұлы, Қабсабит Нұрсейітұлы, Мырзахмет Қалқайұлы;

Қайғы ауылынан Әбду Тұржанұлы, Байғоныс Мұхамеджанұлы, Сұңқар Оспанұлы, Қабыкен Көпейшіұлы;

Шилі ауылынан Махмет Оразалыұлы, Нұкетай Есмағанбетұлы, Қайранбай Малшыұлы, Мырзахмет Байзақұлы, Төлеужан Сатыбалдыұлы, Өлібек Сатыбалдыұлы;

Жаркөл ауылынан: Омар Есмұрзаұлы, Қайқы Есмұрзаұлы, Кенжебек Шалұлы, Бәжікей Бекетайұлы, Бірмағанбет Матайұлы, Күдербек Бекмағанбетұлы;

Шолақсай ауылынан: Сүлеймен Бірмағанбетұлы, Ахмедия Көбекұлы, Бекділда Ихтилапұлы, Ләтіп ақсақал, Килименко, Татан Жанабайұлы;

Ақкүшік, Түбек ауылынан: Омар Байжанұлы, Сұлтан Аулабайұлы Елікбай, Қасым ақсақалдар. Бұлардан басқа да мақтан тұтарлық ағаларымыз, аталарымыз ел ішінде көп болған.

Науырзым Сыпыс жерінде батыр Үмбетәлі жатыр. Науырзым жері тарихқа бай. Ол бір күнде құрыла салмады. Қаншама жанның еңбегі жатыр. Бүгін өткенді еске алып, өткен өнегелі істерді бір шолып шығуды жөн көрдім.

Кәкімбек ЕСМҰРЗИН.

Астана қаласы.

Науырзым бір күнде құрылмаған

Алғашқы рет Торғай облысының Ақарамағында Науырзым ауданы 1869 жылы 30 қаңтарында ашылып, оған 4 ауыл қараған. Жер көлемі – оңтүстікте Қызбел тауы, Қоңыралы өзені, солтүстікте – Сұлукөл көлі, шығыста – Ақкүшік, Түбек ауылдары, батыста – Сыпыс жері. Ыбырай Алтынсаринның жазып қалдырған естеліктерінде бұл жерлерде тұратын халық өте бай, малдарын жайлауға 150-200 шақырымдағы Аманқарағай, Жетікөлге дейін шығарады екен. Науырзым жерінде ұлтжанды, ел қорғаған батырлар да аз болмаған. Патша үкіметінің шаңырағын шайқалтқан 1916 жылғы көтеріліс осы Науырзым жерінен басталса, Бетпаққара көтерілісінде болыс Тоқсан ұлы Досмағанбет ұлымен бірге атылып кеткен.

1926 жылы Кеңес Үкіметі Науырзым ауданын қайтадан ашып, әуелгі кезде орталығы Шолақсай поселкесі болыпты. Сол жылдары Шолақсайда үлкен мектеп, пармен жұмыс істейтін диірмен болған. Айта кетейін, осындағы мектепте архивтерден табылған құжаттарда Исмұрзин Жұмырдың 1922 жылы директор болғанын көрсетеді. Ол кейін Алаш партиясы басшыларының бірі Мыржақып Дулатовпен бірге қызметтес болған. Шолақсай төрт жылдық орыс-қазақ мектебінен Қазан көтерілісіне (1917 жыл) дейін білім алған Науырзым жерінің зиялы азаматтары Тілеміс, Тықшым, Алжыған, Салман, Алданыш, Мүкіштерді 1937 жылы Кеңес Үкіметі қырып жіберген.

Бұдан 50 жыл бұрын Науырзым ауданы үшінші рет 1964 жылы желтоқсан айында ашылды. Жаңа ауданға Аманкелді ауданынан «Дәмді», «Қостанай комсомолы» және «Науырзым» совхоздары, Октябрь ауданынан «1-ая Семилетка», «Шолақсай», совхоздары, Семиозер ауданынан «Көктал», «Сосновка», «Раздольный» совхоздары, жаңадан ашылған «Буревестник» совхозы, небәрі 9 совхоз кірді. Ауданның орталығы Қараменді кейінірек «Докучаевка» жеріне орналасты. Ең алғашқы аудан басшыларын атасақ, олар: аудандық Коммунистер партия комитетінің бірінші хатшысы Черноволов, екінші хатшы – С.Нұрғалиев, аудандық Атқару комитетінің төрағасы – Қ.Бухметов, ауылшаруашылығының басшысы – Офат, бюро мүшелері – К.Ыбыраев, Шүйіншіалин.

Науырзым ауданына қосылған совхоздардың шаруашылықтары нашар, егін шығымы төмен, мал өсіруге қолайсыз жерлер еді. Тек Науырзым совхозының жері бай, сирек кездесетін аңдар мен өсімдіктері бар қарағайлы орманы Қорық болатын. Мұнда жазда келіп қонатын 288 құстың 32-сі Қызыл кітапқа кіргендер. Қасындағы Жаркөл көлі маңайының шөбі төрт совхоздың малдарына жететін, қамысын ат сүйкеніп құлата алмайтын.

Көктал совхозына мен прораб қызметіне 1963 жылдың қазан айында келгенмін. Совхоздың құрылғанына 1 жыл болған, ал, Докучаев поселкесінде 6-7 үй ғана бар еді. Бірақ, Семиозер қазіргі Әулікөл ауданында жаңадан ашылған (япырмай, өткен ғасырдың 60-70 жылдары қаншама совхоз, аудан орталықтары, қалалар жаңадан салынды) жалғыз совхоз болған соң керек құрылыс заттары уақытында бөлініп, бір-екі жылда Көктал совхозының орталығына сан үйлер және ғимараттар салынды.

Аудан басшылары да, басқа қызметкерлер де 1965 жылдың қаңтар айынан бастап жанұяларымен көшіп келе бастады. Бұларға тұратын үйлер, 3 жатақхананы кеңсе қылып дайындадық. Кейбіреулерін бұрыннан тұрғандардың үйлеріне орналастырдық. Жаңа орталықта халық саны тез өскеннен кейін оларға тамақ алатын дүкен, асхана, монша, машиналарын қоятын орындар салып бердік. Алғашында осыларды ұйымдастыру біздің совхоздың басшыларының, оның ішінде менің және аудандық коммуналдық шаруашылығының бастығы жаңадан келген Нұғманов Байшораның мойнында болды.

Келесі жылы мені ауданның Атқару комитетінің Ауылшаруашылық басқармасының Құрылыс бөлімінің бастығы етіп тағайындады. Енді мен бұрынғыдай бір совхоз емес жаңа ауданның барлық құрылысына жауапты болдым. Жұмысты жоспармен жүргізу үшін алдымен Докучаевтың, сосын әр совхоз орталықтарының Құрылыс Бас жоспарын жасатып алдым. Жаңа қызметімде де уақытымның көбі аудан орталығындағы жаңадан келгендерге арналып салынып жатқан үйлер мен әкімшілік ғимараттарды жұмыскерлермен, материалдармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, сапасын күн сайын тексеру, нысандарды жоспарланған уақытында бітуін бақылаумен өтетін. Ең алғаш рет Докучаевта қазіргі Пионер көшесінің бойындағы екі пәтерлі

12 үйді салудан бастадық. Осы да, басқа да құрылыстардың бәрі алғашында Көктал совхозының атынан, жергілікті мамандармен «шаруашылық әдісімен» жүретін. Менің орныма бұл совхозға аға прораб болып Хамза Талпақов тағайындалған. Оған да, маған да құрылыс жұмыстарын ұйымдастырудың күрделі мәселелерін шешу, әсіресе екі жүз шақырым Қостанайдан, жүз шақырым Аманқарағай темір жол бекетінен материалдар мен құрал-жабдықтарды уақытында жеткізу, оларды облыста біздің аудан атына бөлінуі оңай болмайтын. Сондықтан да өзіміз шеше алмай жатсақ, аудан басшыларының көмегіне жүгінетінбіз.

Сол жылдары құрылыстың қарқынды жүруіне ауданның Атқару комитетінің төрағасы Қ.Б.Бухметовтың зор іскерлігінің, үлкен ұйымдастыру қабілетінің арқасында жеттік десем, артық болмас. Ол кісі басқарған комитетте жергілікті мамандардан Тлемісов Темір, Шаяхметов Мерген және мен ғана жұмыс істейтінбіз. Қасымбек Бухметович біз үшеуімізге ақылын айтып, жұмысымызға көмектесіп отыратын. Әсіресе, маған ағалық та туысқандық ниетпен қарайтын. Кейін ол Торғай облысы ашылғанда менің жаңа қызметке ауысуыма да көмектесті.

Бірге орналасқан Науырзым ауданының және Көктал совхозының орталығы Докучаев 2-3 жылдың ішінде 70 шамалы үй, әкімшіліктердің, аурухана, мектеп ғимараттары бар үлкен поселкеге айналды. Село құрылыс министрлігінің жаңадан ашылған Механикалы жылжымалы ұйымы (ПМК) совхоздар мамандарымен қатар жұмыс істей бастады. Аудан орталығындағы жұмыстардан басқа мен әр совхозда қандай құрылыстар салу керектігінің жоспарын жасадым. Бұндай жұмысқа ауылшаруашылық басқармасының бастығы Офат тікелей қатысты. Ол көбінде совхоздарға менімен бірге барып, өте қажет және алғашында қандай нысандарды салу керектігін өзі анықтайтын. Ауданда, совхоздарда салынатын құрылыс нысандарының уақытылы жоспар-сметаларын дайындату, оларды және оларға тиісті қаражаттарды облыстық жоспарға кіргізу, Қорлардан алынатын материалдар мен құрал-жабдықтарды әр совхозға бөліп беру кезінде де аудан басшыларының көмегі көп болды. Бұлардан басқа 9 совхоздағы әрбір құрылыстың жүргізу барысын, техникалық сапасын тексеру, жұмыскерлермен және

● МЕРЕЙ

Сексендегі сері аға

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Арқалық қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Ақан Кәки Шәріпұлы өзінің табиғи "Сегіз қырлы бір сырлы" болмысымен елінің құрметіне бөленіп жүрген жан. Алдына барған адамды жатсынбай жаймашуақ қарсы алатын абзал ағамыз бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққалы отыр.

Кәки Шәріпұлы 1935 жылы 12 тамызда Қостанай облысының Аманкелді ауданында дүниеге келген. Әкесі ұлы жасқа толмай жатып қайтыс болды. Аяулы анасы бар ауыртпалық мойнында қалса да перзентін өсіріп, жеткізіп қатарға қосты.

Кәки аға 1953 жылы мектепті бітірісімен еңбекке араласты. Алдымен мектепте аға пионер вожатый, аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі, аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі болып, еңбек жолында сатылап өрлей берді. 1962 жылы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, сектор, бөлім меңгерушісі, партия комиссиясының төрағасы қызметтерін атқарды. Аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы лауазымын да жеті жылдай деңгелентіп тастады.

Білімі де бір кісіге жетерлік. СОКП орталық комитетінің жанындағы Жоғарғы партия мектебін бітірген. Жоғары зоотехниктік мамандығы тағы бар.

Еңбегі де еленбей қалмады. "Еңбек Қызыл Ту ордені" және бірнеше медаль, грамоталармен марапатталды.

Жастайынан өнер десе жанып түсіп, он жасынан домбыра ұстады. Мектеп қабырғасында көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшесі бола жүріп, сан рет аудандық, облыстық, республикалық байқаулардың жүлдегері атанды. Аудандық Мәдениет үйінің жанынан құрылған драма үйірмесінің мүшесі болып, бірнеше қойылымдарда басты рөлдерді сомдады. Ұжымның "Халық театры" атағын алуына үлес қосты.

Өнер қуған жас саз аспаптарының сан түрін меңгерді. Алуан түрлі аспаптардың үніне қосылып ән салғанда тыңдарманын таң тамаша қалдырады. Халық әндерін, әсіресе сал серілердің әндерін нақышына келтіре шырқағанда алдына жан салмайды.

1992 жылы Шортан қаласында өткен "Баяншылар, домбырашылар және әншілер байқауында", Көкшетау қаласында Ақан серінің 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған "Ақан әндерін орындаушылардың байқауында" ерекше көзге түсті.

Ақан Кәки Шәріпұлы 2000 жылдан бері Арқалық қалалық ардагерлер ұйымын басқарып келеді. Осы уақыт ішінде ол ардагерлерді жарқын іске жұмылдыра отырып, қаланың өсіп-өркендеуіне, жастардың патриоттық рухта тәрбиеленуіне елеулі еңбек етті. Қарттарға қамқорлық жасауда, олардың талап-тілектерін орындауда мемлекеттік орындармен тығыз байланыста жұмыс жасады. Қаладағы бастауыш ардагерлер ұйымдарының жұмысын жандандырды. Оның айғағы көптеген бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары облыстық, республикалық ардагерлер ұйымының жоғары марапаттарына ие болды. Қалалық ардагерлер ұйымының ұсынысымен қаланың дамуына үлес қосқан ардагерлер: Сәкен Қосмұ-



хамедов, Константин Ишутин, Физатолла Бегәділовтер "Арқалық қаласының құрметті азаматы" атағын иеленді. Ардагер мүсінші Әбілбек Ұзақов ҚР "Құрмет" орденімен марапатталды. Кезінде қалада басшылық қызметтер атқарған Сақан Құсайынов, Өзбекәлі Жәнібеков, әдебиет, мәдениет салаларына сүбелі үлес қосқан Төкен Елтебаев, Сейіт Кенжеахметов, Ахметхан Байжан сынды тұлғалар тұрған үйлерге ескерткіш тақта орнатылды.

2012 жылы Республика бойынша ардагерлер ұйымының құрылғанына 25 жыл толу мерекесін ардагерлер кеңесі жоғары деңгейде атап өтті. Ауқымды мәдени шаралар ұйымдастырылып, көптеген ардагерлер марапаттарға ие болды. Қалалық ардагерлер кеңесінің жұмысы облыс бойынша жоғары бағаланды.

Арқалық қалалық ардагерлер ұйымының іс тәжірибесін насихаттау мақсатында қалада 3 рет облыстық семинар-кеңес ұйымдастырылып, оған көршілес Аманкелді, Жанкелдин, Науырзым аудандарының бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары қатысты.

Кәки Шәріпұлының осы 15 жыл ішінде атқарған жұмыстары да елеусіз қалған жоқ. ҚР Президентінің Жарлығымен "Ерен еңбегі үшін", "Тәуелсіздіктің – 20 жылдығы", "Тың игерудің – 50 жылдығы медалдарымен марапатталды. Мұның сыртында "Еңбек ардагері", "Ұлы Жеңістің – 60, 65, 70 жылдығы" медальдарының иегері. Республикалық, облыстық Ардагерлер ұйымының "Құрмет" грамоталарымен, облыс, қала әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталған. 2006 жылы Республикалық Ардагерлер ұйымының съезіне делегат болды. "Арқалық қаласының құрметті азаматы", Республикалық орталық Ардагерлер ұйымы-

ның жоғары наградасы "Құрмет белгісін" иемденді.

Кәки Шәріпұлы халқымыздың жыршылық, термешілік өнерін де жанына серік тұтқан. Абайдың "Ескендір" поэмасын, "Қызыр мен Мұса" халық дастанын, Файзолла Сатыбалдыұлының "Тоқымбет-Гүләйім" хикаятын, Нұрхан Ахметбекұлының, атақты Орынбай, Шал ақындардың шығармаларын шырқау биігіне жеткізе орындайды.

Қалалық ардагерлер ұйымының жанынан құрылған "Қазына" шығармашылық көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы ел аузында. Бұл үйірме Кәки Шәріпұлының бастауымен 2000 жылы құрылып, күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Қалаға қарасты ауылдар да ардагерлер өнерін құрметпен тамашалайды. 2012 жылы Қостанай қаласына, 2014 жылы көршілес Жарқайың ауданына, 2015 жылы Аманкелді, Жанкелдин аудандарына сапарлап, көрермендерінің ыстық ықыласына бөленді. 2015 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай республикалық ардагерлер ұйымының "Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер!" атты байқау - фестивалінде облыстан жоғары баға алып, үйірменің Ұлттық саз аспаптар ансамблі Астана қаласында өткен республикалық байқауда үздік үштікке енді. Ардагерлердің жетістігі – Кәки Шәріпұлының тынымсыз еңбегінің жемісі. Ол қарттар мен жастардың арасында уақытпен санаспай үнемі тәрбиелік мәні зор жұмыстар жүргізіп келеді.

Кәки ағаның күйшілік, әншілік, жыршылығымен қоса сазгерлік өнері де бар. Өзі сөзін де, әнін де жазған "Менің елім!", "Қаһарман ерлерім!", "Ардагерлер әні", "Арқалық – астанасы Торғайымның" терізді әндері облыстық байқауларда алдыңғы орындарға ие болып, лауреат атанып жүр. Кәки ағаның осы талантын облыс жоғары бағалап 2012 жылы оған Қостанай облысы меценаттар клубының лауреаты атағын беріп, қомақты ақшалай сыйлығын табыс етті.

Ұлағатты ғұмыр иесі Кәки Шәріпұлы бүгінде жұбайы Гүлшара Нүркенқызымен бірге бақытты ғұмыр кешуде. Кенжесі Әділ әке жолын қуған. Жоғары білімді жас маман қазір қаладағы Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінде ұстаздық қызмет атқарады. Өзі де, тәрбиелеп жатқан шәкірттері де аз уақыт ішінде облыстық, республикалық домбырашылар байқауында талай мәрте топ жарып үлгерді.

Сексенде серілігін тастамаған, Япыр-ай, бұл не деген асқан адам, Шында өскен шынардай, өр еңселі Тау асып, қажет болса тас қалаған.

Бірде әнші, бірде күйші, бірде ақын, Біледі бір кісідей сөздің парқын. Өнердің сан асылын бойға жиып Өмірде әр ісінен алған қарқын.

Діннің де діңгегінен нық ұстаған, Тілдің де тұнығынан тыныстаған. Темір тұлпар тізгіндеп, топтан озып Жүзбенен жүзге қарай жылыстаған. Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Кәки Ақан, мерейтой иесі.

Сыннан сүрінбеген сайыпқыран

Халқымның егеменді еркіндігін,
Аялап самал сүйіп желпінді күн.
Әлемнің ұлылары басын қосты
Ардақтап Астанадай жер кіндігін.

Алға ұстап бабам айтқан ұлағатты,
Жақсылар жаңдай қорғап мұрағатты.
Ұрпақтар ғарыш кезіп, айға аттанып
Жер беті жаңалыққа тұнағатты.

Қарт Торғай қаһарманды ұлылықтан,
Ерлік пен болашақтың үнін ұққан.
Бұл күнде аспандатты ел ұранын
Қарты да, баласы да тілі шыққан.

Қарамай қатарының селдіріне,
Сексеннің шықтың аға сеңгіріне.
Барасың болашаққа батыл басып
Көк тудың көңілің өсіп желбіріне.

Төмамдап қолға тиген шаруаны,
Өрқашан күй кернеген шаңырағы.
Дарынды өнерімен өрге өрлеген
Торғайдың тойға тоймас саңылағы.

Жеңгімізбен Ақкөлдің аққуындай,
Қайнай берсін қазаның шоқ суынбай.
Тоқсан жасап сақалың желбіресін
Бейбітшілік өмірдің көк туындай.

Ешкімге дес бермеген еңбек десе,
Тартыспай талаптымен өнбес пе есе.
Тегін келген емес қой төс белгілер
Арқанды ауыр еңбек терлетпесе.

Еске сақтап өнерлі ел өр үнін,
Өнеге тұтты жастар тәлімінді.
Күймен тербеп Арқаның сардаласын
Ұлың жалғап барады дарыныңды.

Ел де разы, билік те, өкіметің,
Сексенде де серпінді ел, ұқты бүгін.
Аяулы елің аялап алға тартты
Бұлт баспаған көк аспан түп тұнығын.

Мейірімің, сымбатың, сұлулығың,
Жанды ерітіп тұрады жылулығың.
Еркелетіп немере, шөберені
Ұзай берсін саналы, сызулы күн.

Өрен жастың жүзі не, мың бірі не,
Мінген соң кәріліктің дүлдүліне.
Жасай бер, жайсаң елде жайраң қағып
Құлақ түріп құлындар күлдіріне.

Арқаның қарттарының қолбасшысы,
Өркенін өрге өрлеткен жолбасшысы.
Адам боп әркім туар анасынан
Адам боп қалу екен ең бастысы.

Әбдіғали Байтұрсынұлы
ЖАНТАСОВ.

Арқалық қаласы.

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 25 маусымдағы № 272 қаулысы

Әкімдіктің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 42 "Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 42 "Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5417 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 наурызда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Психологиялық қызметтің құрамына білім беру ұйымының басшысы, оның қызметін ұйымдастыратын және бақылайтын басшының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сондай-ақ сынып жетекшілігін жүзеге асыратын педагогтар, педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтар кіреді. Психологиялық қызметтің құрамына келісім бойынша медициналық қызметкерлер, ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ата-аналар комитетінің өкілдері енгізілуі мүмкін";

6-тармақ мынадай тармақшалармен толықтырылсын:

"8) оқу тоқсанында тестілеуді кемінде 1 рет жүйелі түрде өткізу арқылы көмелетке толмағандарда өзіне-өзі қол жұмсауға деген психологиялық бейімділіктерін, сондай-ақ бейәлеуметтік бейімділіктерін (құқық бұзушылыққа деген бейімділік, спирт ішімдіктерін, есірткі құралдарын пайдалану, құқық бұзушылық жасау) анықтау және олардың алдын алу;

9) өзіне-өзі қол жұмсау және олардың әрекет етуінің алдын алу мақсатында өзіне-өзі қол жұмсауға бейім көмелетке толмағандарға, сондай-ақ олардың ата-аналарына (немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға) психологиялық көмек көрсету";

6-тармақ 6-1-тармағы мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"6-1 Психологиялық қызмет жұмысының негізгі нысаналы топтары:

1) аутодеструктивті мінез-құлыққа (өзіне-өзі қол жұмсауға) бейім немесе бұрын өзіне-өзі қол жұмсаған;

2) психобелсенді заттарды, спирт ішімдіктерін, есірткі заттарын пайдаланатын немесе пайдалануға бейім;

3) құқық бұзушылық жасауға бейім, сондай-ақ ішкі істер органдарында есепте

тұрған;

4) әлеуметтік қолайсыз отбасылардан шыққан;

5) толық емес отбасыларда тәрбиеленіп жатқан;

6) өзіне-өзі қол жұмсаған немесе өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет еткен жақын туыстары немесе достары;

7) өзіне-өзі жұмсауға бағытталған интернет-ресурстардың қоғамдық топтарына кіретін және тіркелген;

8) тестілеу нәтижелері мен өмірлік жағдайларға сәйкес өзге де оқушылар болып табылады";

8-тармақ мынадай тармақшалармен толықтырылсын:

"5) өзіне-өзі қол жұмсау бағытындағы интернет-ресурстарды анықтау мақсатында прокуратура органдарын хабардар ете отырып, әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу;

6) өзіне-өзі қол жұмсау бағытындағы интернет-ресурстардың қоғамдық топтарына білім алушылардың кіруі және тіркеу фактілерін анықтау, ата-аналарды (оларды ауыстыратын тұлғаларды) хабардар ету және осындай білім алушыларға психологиялық көмек көрсету";

15-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) білім алушылардың бейәлеуметтік іс-әрекеті мен өзіне-өзі қол жұмсаушылыққа бейімділігін ескерту және оларды уақытында түзетуді жүзеге асыру";

16-тармақ мынадай тармақшалармен толықтырылсын:

"10) жедел түрде көмелетке толмағандарда өзіне-өзі қол жұмсау және оларды болғызбау бойынша бірлескен шаралар қабылдау үшін қобалжушылықтың жоғары деңгейі мен өзіне-өзі қол жұмсаушылық бейімділігін анықтау туралы ата-аналарын (немесе оларды ауыстыратын тұлғаларды) және сынып жетекшісін хабардар ету;

11) көмелетке толмағандарда өзіне-өзі қол жұмсаушылыққа бейімдеуді анықтау әдістері мен нысандарын оларды түзету және толықтыру бойынша ұсыныстар енгізумен жетілдіру";

16-тармақ 16-1-тармағы мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"16-1 Жүктелген міндеттерді орындамаған немесе дұрыс орындамағаны үшін басшы, басшының орынбасары, педагог-психолог заңмен белгіленген жауапкершілік алады".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Н. Садуақасов.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 31 шілдедегі № 5779 болып тіркелген.

Постановление акимата Костанайской области
от 25 июня 2015 года № 272

О внесении изменений и дополнений в постановление акимата от 9 февраля 2015 года № 42 "Об утверждении Правил деятельности психологической службы в организациях среднего образования Костанайской области"

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", Законом Республики Казахстан от 27 июля 2007 года "Об образовании", акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Внести в постановление акимата Костанайской области от 9 февраля 2015 года № 42 "Об утверждении Правил деятельности психологической службы в организациях среднего образования Костанайской области" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5417, опубликовано 31 марта 2015 года в газете "Костанай таңы") следующие изменения и дополнения:

в Правилах деятельности психологической службы в организациях среднего образования Костанайской области, утвержденным указанным постановлением:

пункт 4 изложить в следующей редакции:

"4. В состав Психологической службы входят руководитель, заместитель руководителя организации образования по воспитательной работе, который организует и контролирует её деятельность, а также педагоги, осуществляющие классное руководство, педагоги-психологи и социальные педагоги. По согласованию в состав Психологической службы могут быть включены медицинские работники, сотрудники органов внутренних дел и представители родительских комитетов";

пункт 6 дополнить следующими подпунктами:

"8) выявление и предупреждение психологических наклонностей к суицидам, а также асоциальных наклонностей (склонность к правонарушениям, употреблению спиртных напитков, наркотических средств, совершению правонарушений) у несовершеннолетних путем систематического проведения тестирования не реже 1 раза в учебную четверть;

9) оказание психологической помощи несовершеннолетним, имеющим суицидальные наклонности, а также их родителям (или лицам, их заменяющим) в целях предупреждения совершения суицидов и их попыток";

пункт 6 дополнить пунктом 6-1 следующего содержания:

"6-1 Основными целевыми группами работы Психологической службы являются учащиеся:

1) склонные к аутодеструктивному поведению (суициду) либо ранее совершавшие попытки суицидов;

2) склонные к употреблению либо употребляющие психоактивные вещества, спиртные напитки, наркотические средства;

3) склонные к совершению правонарушений, а также состоящие на учете в органах внутренних дел;

4) из социально неблагополучных семей;

5) воспитываемые в неполных семьях;

6) близкие родственники или друзья которых совершили суицид или попытку суицида;

7) посещающие и зарегистрированные в общественных группах интернет-ресурсов суицидальной направленности;

8) иные обучающиеся в соответствии с результатами тестирования и обстоятельствами жизненной ситуации";

пункт 8 дополнить следующими подпунктами:

"5) мониторинг социальных сетей с целью выявления интернет-ресурсов суицидальной направленности с информированием органов прокуратуры;

6) выявление фактов посещения и регистрации обучающихся в общественных группах интернет-ресурсов суицидальной направленности, с уведомлением родителей (лиц их заменяющих) и оказанием психологической помощи таким обучающимся";

подпункт 6 пункта 15 изложить в следующей редакции:

"6) предупреждать асоциальные действия и суицидальные наклонности обучающихся и осуществлять их своевременную коррекцию";

пункт 16 дополнить следующими подпунктами:

"10) незамедлительно информировать родителей (или лиц их заменяющих) и классного руководителя о выявлении у несовершеннолетнего повышенного уровня тревожности и суицидальных наклонностей для принятия совместных мер по предотвращению суицидов и их попыток;

11) совершенствовать методы и формы выявления суицидальных наклонностей у несовершеннолетних с внесением предложений по их корректировке и дополнению";

пункт 16 дополнить пунктом 16-1 следующего содержания:

"16-1 За неисполнение либо ненадлежащее исполнение возложенных обязанностей руководитель, заместитель руководителя, педагог-психолог несет установленную законом ответственность".

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Костанайской области

Н. Садуақасов.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 31 июля 2015 года под № 5779.

● ӨМІРДІҢ ӨКСІГІ – ЕСІРТКІ

Ерлі-зайыптылар есірткі сатқан

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Облыс полицейлері "Көкнәр–2015" акциясы аясында героин сатумен айналысып жүрген ерлі-зайыптылар Рудный қаласындағы бір сағатқа жалға алған пәтерлерінде ұсталды.

— Бұл уақытта 35 жастағы ерлі-зайыптылар героинді пакеттерге бөліп салып жатыр екен. Полицейлер жалға алынған пәтер ішінен таразы, жіп, полиэтилен пакеттерін тауып алды. Ал, пакеттегі ұнтақтарды ышқырына тығып үлгерген әйелі де поли-

цейлердің құрығынан құтыла алмады. Осылайша, тінту кезінде полицейлер 136 орамадағы героин мен 40 мың теңгеден астам қаражатты тәркіледі. Егер олар қолға түспегенде осы героинді сатып 500 мың теңге көлемінде пайдаға көнелетін еді, —

дейді ОІД-нің полиция капитаны Айгүл Ерәділова.

Тергеу шаралары кезінде еш жерде жұмыс істемейтін ерлі-зайыптылардың тек есірткі сатумен ғана айналыспайтындығы, оны өздері де қолданатындықтары анықталды. Сондай-ақ, ұрлық істеп түрмеге тоғытылған күйеуі былтыр ғана босап шыққан екен, ал әйелі бұрын істі болмаған. Қазір ерлі-зайыптылар Рудный қалалық ішкі істер бөлімінің уақытша ұстау изоляторында, екеуіне де ірі көлемдегі есірткі заттарын сақтағаны үшін қылмыстық іс қозғалды.



Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 25 маусымдағы № 273 қаулысы

"Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде
2013 жылғы 31 шілдедегі № 5778 болып тіркелген.

Әкімдіктің

2015 жылғы 25 маусымдағы

№ 273 қаулысымен бекітілді

"Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі жер қатынастары саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Шайсұлтан Шаяхметов көшесі, 88.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік

мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру және дамуына ықпал ету.

15. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

жер реформаларын жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

16. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) облыстың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистральды құбыржолдар, мұнай және газ өңдеу объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің индустриялық-инновациялық жобалары, "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес инвестициялық басым жобаларды іске асыру, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін беру жөніндегі, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылғанда және қазу үшін, магистральды құбыржолдар салу (реконструкциялау), жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

2) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) облыстың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдары мен олардың тәжірибе шаруашылықтарына, сондай-ақ мемлекеттік тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал зауыттарына жер учаскелерін беру жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің

жобаларын дайындау;

4) аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органының ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

5) жерді резервте қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

6) өз құзыреті шегінде мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту;

7) өз құзыреті шегінде жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

8) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

9) облыстың жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

10) өз құзыреті шегінде жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуді ұйымдастыру;

11) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, облыстық, қалалық, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

12) өз құзыреті шегінде жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

13) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың деректері негізінде облыстың жер балансын жасау;

14) осы Кодекстің 71-бабына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

15) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

17) жер-кадастрлық жоспарды бекіту жатады;

18) орталық уәкілетті органға осы Кодекстің 92 және 93-баптарына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар туралы ақпарат ұсыну;

19) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті органға осы Кодекстің 94-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес жер учаскесіне ауыртпалықты белгілеуге және тоқтатуға өтініш беру жатады.

20) өз құзыреті шегінде гендерлік саясатты іске асыру;

21) мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

22) мемлекеттік қызмет көрсету;

23) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз қызметін басқа атқарушы билік органдарымен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыру, өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау;

2) азаматтар мен лауазымды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан жерді қорғау және пайдалану мәселелері бойынша қажетті ақпараттарды сұрау және алу;

3) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға, жеке және заңды тұлғалармен шарт жасасу, сотта жауапкер және талапкер болу;

4) "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзырына кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізу;

5) мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

6) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын көтеруін қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де құқықтары мен міндеттерді орындау.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Қостанай облысы әкімдігінің жер

қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшының өкілеттігі:

1) "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіндегі бөлім басшыларының және басқа да жауапты қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттігін анықтайды;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша шаралар қолданбағаны үшін дербес жауап береді;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, оның ішінде жеке еңбек шарты бойынша, және жұмыстан босатады;

4) "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

6) "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті өз құзыреті шегінде бұйрық шығарады және нұсқау береді;

7) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес атқарушы органдар мен ұйымдарда "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұсынады;

8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Қостанай облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Постановление акимата Костанайской области
от 25 июня 2015 года № 273

Об утверждении Положения о государственном учреждении "Управление земельных отношений акимата Костанайской области"

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", статьей 17 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года "О государственном имуществе" и Указом Президента Республики Казахстан от 29 октября 2012 года № 410 "Об утверждении Типового положения государственного органа Республики Казахстан" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемое Положение о государственном учреждении "Управление земельных отношений акимата Костанайской области".

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области Н. Садуакасов.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 31 июля 2015 года под № 5778.

Утверждено постановлением акимата от 25 июня 2015 года № 273

ПОЛОЖЕНИЕ о государственном учреждении "Управление земельных отношений акимата Костанайской области"

1. Общие положения

1. Государственное учреждение "Управление земельных отношений акимата Костанайской области" является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере земельных отношений.

2. Государственное учреждение "Управление земельных отношений акимата Костанайской области" не имеет ведомств.

3. Государственное учреждение "Управление земельных отношений акимата Костанайской области" осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

